



«Сырдария» университетінің
ректоры м.а., философия докторы PhD
Б.С. Токмурзаев
06 09 2021 жыл

Университет аумағындағы білім беру барысында қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық режимінің РЕГЛАМЕНТІ

1. Оқытушылар мен қызметкерлер және білім алушыларға қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар.

- оқу ғимаратына кіру кезінде «Ashyq» қосымшасын енгізу (оқытушылар мен қызметкерлер ата-аналарды (занды өкілдерді), 18 және одан жоғары жастағы білім алатын келушілерді QR-код (check-in) бойынша тіркеу), сондай –ақ ЖСН бойынша тіркеу үшін күзетші режимін пайдалану тәртібін пысықтау;

- университетте санитарлық эпидемиологиялық талаптарды сақтауға жауапты кезекшілер тағайындалады;

- оқытушылар мен қызметкерлер 100% вакцинациялануы (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдарды, COVID-19 ауырып сауыққан адамдарды сауыққаннан кейін 3 ай ішінде қоспағанда);

- маска режимін сақтау;

- білім алушылардың, дәліздерде, оқу ғимараттарында кемінде 2 метр арақашықтық сақтап жүріп-тұруы қатаң сақталады;

- әр қабатта қолжетімді жерлерде және санитариялық тораптарда оқытушылар мен қызметкерлер, білім алушылар қолдарын өңдеуі үшін тері антисептигі бар санитайзерлер, лас маскаларды жинауға арналған таңбаланған сыйымдылықтар (урналар) орнатылады;

- санитариялық тораптарда білім алушылар, оқытушылар мен қызметкерлер үшін дозаторлардағы сабынның, қол жуу қағидалары бар плакаттардың болуы қамтамасыз етіледі;

- техникалық қызметкерге жеке қорғаныш құралдарын (маскаларды, қолғаптарды) кию және уақтылы ауыстыру, дезинфекциялау, жуу және антисептикалық құралдардың қажетті қорын қадағалау және дозаторларды уақтылы толтыру, оқу ғимараттарын, жабдықтар мен мүкәммалды жинау және өңдеу бойынша нұсқама жүргізіледі;

- күніне 2 мезгіл дезерігіндімен ылғалды тазалау жұмысы жүргізілуі тиіс;

- жыл мезгілін ескере отырып, оқу, жаттығу, өзге де ұйымдастыру процестері мен жұмыс режимі кестесіне сәйкес ауаны залалсыздандыру жөніндегі жабдықтарды (рециркуляторлар) пайдалана отырып, ауаны тұрақты зарарсыздандыру және оқу ғимараттарын желдету;

- бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салу (мәдени, тәрбие, ата-аналар жиналыстары және т. б.);

- инфекциялық ауру белгісі бар оқытушылар мен қызметкерлерге және білім алушылар (жетел, мұрынның бітелуі, дене температурасы 37 градустан жоғары болған жағдайда) оқу ғимаратына кіргізілмейді;

- QR-код бойынша тіркеу кезінде «сары» және «қызыл» мәртебесі бар адамдарға («ПЦР-зерттеулердің бірыңғай интеграциялық порталы» және «COVID-19 бақылау орталығы» ақпараттық жүйелерінде тіркелген, COVID-19-ға ПТР-тестілеудің оң нәтижесі бар, «инфекция жұқтырған» мәртебесі бар пациент ретінде немесе COVID-19-бен ауыратын пациентпен байланыс ретінде;

- COVID-19-ға қарсы вакцинациясы жоқ оқытушылар мен қызметкерлер 7 күнде бір рет ПЦР тест тапқыру керек.

- COVID-19-ға қарсы вакцинациясы жоқ оқытушылар мен қызметкерлер және білім алушыларға (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар, ауырып жазылған адамдарды сауыққаннан кейін 3 ай ішінде қоспағанда) кіруге рұқсат етілмейді;

- ЖОО-лар эпидемиологиялық жағдай нашарлаған және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің тиісті шешімі болған жағдайда студенттерді офлайн оқудан онлайн оқуға ауыстыру бойынша іс-қимыл жоспарын (алгоритмін) әзірлеуі қажет;

- студенттерді қашықтықтан оқыту емдеуші дәрігердің қорытындысы негізінде тәуекел тобындағы студенттер (жүкті, бала емізетін және т.б.) және шетелде виза алуды күтіп жүрген шетелдік студенттер үшін рұқсат етіледі;

- егер бір топта COVID-19 ауруының 1 жағдайы тіркелген кезде – (топ) 14 күн бойы үй карантиніне оқшаулауға жатады.

- аудиториялардың ауданы оқытудың аралас нысандарында (фронталды және топтық) бір білім алушыға шаққанда 2,5 шаршы метр нормасы белгіленеді. білім алушылар үшін 2021-2022 оқу жылының көктемгі семестрінде оқу процесі 2 метр әлеуметтік арақашықтық сақтау нормасы белгіленеді;

- аудиториялардың және білім алушылардың тұратын орындарын ұйымдастыратын оқу ғимараттарының аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер талаптарына сәйкес барлық периметрі бойынша қоршау болуы тиіс. Қоршау зақымдалмаған болуы тиіс.

- дәрісханалар, оқу кабинеттері, зертханалар жерүсті қабаттарда орналасуы тиіс.

- зертхана 1 білім алушыға 4 м² болып айқындалады.

- әрбір ауысымда 1 білім алушыға шаққандағы аудан нормалары және осы санитариялық қағидалардың талаптары сақталған жағдайда сабақ кестесіне жылжымалы ұйымдастыруға жол беріледі.

- пайдалану режимі шумен қоса жүретін және білім алушылар аландауын тудыруы мүмкін, педагогикалық, медициналық, әкімшілік

персоналдың жұмысына кедергі келтіруі немесе оларды бұзуы мүмкін үй-жайлар (сорғы қондырғысы бар бойлерлер, өндірістік үй-жайлар, жөндеу шеберханалары, сорғы бөлімшесі бар салқындатқыш камералар, желдеткіш камералары, компрессорлық) жатын бөлмелермен, оқу, медицина кабинеттерімен көршілес, олардың астына немесе үстіне орналастырылмайды.

- білім алушылардың тұруына арналған корпус бөлек тұрған ғимараттарға, ішіне-жапсарлас салынған ғимараттарға, сондай-ақ оқу корпустарымен көрші ғимараттарға орналастыруға жол беріледі.

- университет білім алушыларына арналған жатақханаларда 1 адамға кемінде 6 м² аудан көзделеді.

- бір жатын орынға кемінде үш төсек-орын жабдығының болуы көзделеді. Білім алушылардың тұратын орны ұйымдастырылған орындарда төсек-орын керек-жарақтары мен төсек-орын жабдықтары таңбаланады, жеке гигиенаға арналған заттар (тіс щеткалары, тарақтар, жөкелер) әр білім алушыға жеке бөлінеді. Жеке тіс щеткалары, жөкелер жуынатын бөлмелердегі ашық ұяшықтарда сақталады.

- университет білім алушыларына арналған студенттік жатақханада 4-6 адамға 1 себезгі, 1 қол жуатын раковина және 1 унитаз орнатылады. Әйелдердің жеке гигиенасы кабинасы 50 адамға шаққанда 1 кабина есебінен көзделеді және унитазбен, бидемен, себезгімен және қол жуатын раковинамен жабдықталады.

4) Корпустарды жарықтандыру:

- университеттің аумағында, оның ішінде санитариялық-аудалық қондырғыларда сыртқы жасанды жарықтандыру болады.

- оқу үй-жайларындағы, ойын және жатын бөлмелеріндегі жарық түсетін ойықтарды реттелетін күннен қорғайтын құрылғылармен жабдықтайды.

- оқу-өндірістік шеберханаларда, спорт залдарында екі жақ бүйірден табиғи жарықтандыруға және аралас (үстіңгі және бүйір жақтан) жарықтандыруға жол беріледі. Оқу үй-жайларында терезенің әйнектерін бояуға жол берілмейді.

- терезелердің әйнектелуі бүтін шыны төсемінен орындалады.

- жасанды жарықтандыру кезінде бір үй-жайда бір үлгідегі шамдар қолданылады. Жарықтандыру кезінде шағылысқан және шашыраңқы жарықты шамдарды пайдаланады, оларды плафондармен қамтамасыз етеді.

- көру қабілеті бұзылған білім алушыларға арналған оқу корпусдарда (аудитория, кабинеттерді, зертханаларды, шеберханаларды), сондай-ақ оқу залдарын жасанды жарықтандырудың құрамдастырылған жүйесімен жабдықтайды. Көру патологиясының түріне байланысты жалпы және жергілікті жарықтандырудың жиынтық жарықтандыру деңгейі мынаны құрайды:

- жоғары дәрежелі күрделі алыстан көрмейтіндер және жоғары дәрежедегі жақыннан көрмейтіндерге – 1000 люкс (бұдан әрі – лк);

- торлы қабық пен көру нервісі зақымдалғандарға (көздің қарығуы болмайтын) – 1000 – 1500 лк;

- жарыктан корку ауруынан зардап шегетіндерге – 500 лк-тен артық емес;
- жасанды жарықтандыру деңгейі жалпы жарықтандыру жүйесінен 400 лк-тен аспауы тиіс;
- әр жұмыс орнын кемінде 400 лк жергілікті жарықтандыру шамдарымен жабдықтайды.
- шамдар үстелдің бетіне нығыз бекітілуі және олардың еңкею бұрышы мен жарық көзінің биіктігін өзгертуге мүмкіндік беретін иілімді кронштейні болады.

Корпустарды ауыз сумен қамтамасыз ету:

- білім беру ұйымдарында ауыз су режимін сақтау қамтамасыз етіледі. Ауыз су, оның ішінде ыдыстарға (графиндерге, шәйнектерге, шағын бактарға) құйылған немесе бөтелкеге құйылған су қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес келеді;
- жеке ыдысты пайдалануға рұқсат етіледі. Су ішу үшін таза ыдыс қолданылады. Қайнатылған ауыз суды үш сағаттан аспайтын уақыт сақталған жағдайда пайдалануға жол беріледі;
- ауыз су режимін ұйымдастыру үшін университет басшысының бұйрығымен жауапты адам тағайындалады, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу ғимаратында болған барлық уақыты ішінде ауыз суға еркін қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

2. Университеттегі тамақтану жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар:

- асханаға кіре берісте және тамақтану залында қол жууға арналған жағдайлар, келушілердің қолын өңдеуге арналған тері антисептиктері көзделеді, олар көрінетін және қолжетімді жерлерде орнатылады;
- арасында кемінде 1,5 метр қашықтық сақтала отырып, 5 адамнан артық кезек құрылмайды;
- асхана тамақтану залының отыратын орындарының жобалық қуатына сәйкес толтырылады;
- асхана қызметкері (сатушылар, аспаздар, даяшылар, кассирлер және тамақ өнімдерімен тікелей байланысы бар басқа да персонал) келушілерге қолды жиі өңдей отырып, бір рет қолданылатын маскалармен (маскаларды 3 сағатта кемінде 1 рет ауыстыру) қызмет көрсетеді;
- асханадағы ауа рециркуляторларының қондырғыларын қамтамасыз ете отырып, тамақтануды ұйымдастыруды бақылауды күшейтуді;
- ас блогының персоналында жұмысқа жіберілгені туралы белгісі бар жеке медициналық кітапшалары болады.

Оқу ғимаратындағы жалпы ережелер

- барлық оқытушылар мен қызметкерлер және білім алушыларға күнделікті таңертенгілік сүзгі (байланыссыз термометрмен термометрия, қолды антисептикпен өңдеу) жүргізіледі;

- университетте ғимаратында жүріп-тұру, оның ішінде баспалдақпен көтерілу «бір жақты қозғалыс» қағидасы бойынша арнайы көрсеткіштермен таңбаланады;

- кезекте қашықтықты қамтамасыз ету үшін кірер алдында асфальтқа таңба қойылады;

- университет корпустарында қашықтықты сақтау үшін сигналдық белгілер қойылады;

- сабақ кезінде үзіліс уақыты білім алушыларының барынша ажырауын қамтамасыз етуді ескере отырып белгіленеді;

- спорттық іс-шаралар таза ауада, жылдың салқын мезгілінде желдету және ылғалды жинау режимі сақтала отырып, спорт залдарында өткізіледі.

- оқытушылардың, қызметкерлер мен білім алушылардың маска кию режимі сақталады;

- университет қызметкерлерінде жұмысқа жіберілгені туралы белгісі бар жеке медициналық кітапшалары болады.

- жинау жиілігі артады (тұтқаларды, таяныштарды, басқа жанасатын беттердің тұтқаларын қосымша өңдеу);

- оқытушылар мен қызметкерлер, білім алушылар арасында айына кемінде 1 рет жеке (өндірістік) гигиена қағидаларын сақтау қажеттілігі туралы нұсқама және олардың мүлтіксіз орындалуын бақылау (педагогтар мен қызметкерлер арасында нұсқама өткізу күнін журналда белгілей отырып) жүргізіледі;

- санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға жауапты адамдар тағайындалады (температураны байланыссыз термометрмен өлшеу, оқытушылар және қызметкерлер, білім алушыларға өндірістік оқыту шеберлеріне және қызметкерлерге санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау туралы нұсқама беру, нұсқама өткізу журналын жүргізу);

- профилактикалық қарап-тексеру, жөндеу, оның ішінде сүзгілерді ауыстыру, ауа өткізгіштерді дезинфекциялау жүргізе отырып, желдету жүйелері мен ауаны баптау жүйелерінің үздіксіз жұмысы қамтамасыз етіледі;

- қажетті жабдық және медициналық дәрі-дәрмектер бар (термометрлер, шпатель, маскалар) медициналық кабинеттер мен изоляторлар (ауырған адамдар анықталған жағдайларға оқшаулау, қағаз немесе электрондық тасығышта тіркей отырып, температураны күн сайын өлшеу, дене температурасы жоғары және (немесе) респираторлық инфекция (жөтел, мұрынның бітелуі) белгілері бар адамдарды анықтау үшін) жұмыс істейді;

- ауысымдар мен кіші ауысымдарды арттыру, білім беру ұйымдарында аралас форматта оқытуды ұйымдастыру кезінде дененің жанасуын азайту жүргізіледі;

- инфекциялық аурулар белгілері бар оқытушылар мен қызметкерлер және білім алушылар көрсетілген белгілер анықталған сәттен бастап жедел медициналық жәрдем бригадасы келгенге дейін не ата-аналары (заңды өкілдері) келгенге дейін дереу оқшауланады;

- білім алушыларды білім беру ұйымдарына және кері қарай үйлеріне жеткізуді ұйымдастыру кезінде жүргізушілер қолдарын өңдеуге арналған антисептикпен және оларды қажетті жиілікпен міндетті түрде ауыстыра

отырып, қорғау құралдарымен (маскамен) жабдықталады, сондай-ақ әрбір рейс алдында кейіннен желдете отырып, автокөлік салонын дезинфекциялауды жүргізуі камтамасыз етіледі;

- көлік құралының салонында оқытушылар мен қызметкерлер және білім алушылар көлік құралының жүргізушісі маска кию режимін сақтайды.

Нормативтік сілтемелер:

Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық –эпидемиологиялық талаптар санитарлық қағидаларын бекіту туралы ҚР 2021 жылғы 25 тамыздағы № 36 қаулысы

Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның алдын алу шараларын одан әрі күшейту туралы Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 38 қаулысы

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы.